

Аграрлық-өнеркәсіптік кешен салаларына кредит беру және мемлекеттік шараларды қаржыландыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Заңы 1993 жылғы 12 сәуір. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 12 Заңымен (өзгеріс 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді)

Осы Заң ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру мен өткізудің маусымдылығын ескере отырып, аграрлық-өнеркәсіптік кешенге кредит берудің құқылық негіздерін белгілейді және халықты азық-түлікпен, ал өнеркәсіпті шикізатпен жабдықтауды жақсарту мақсатында ауылда шаруашылық жүргізудің әр алуан түрлерін қолдауга, нығайтуға және дамытуға бағытталған.

1-бап. Кредит беру субъектілері

Осы Заң қолданылатын шаруашылық қызмет субъектілері мыналар болып та б ы л а д ы :

- ауыл шаруашылық өнімдерін өндірумен, дайындаумен, ұқсатумен, сақтаумен және өткізумен айналысадын заңды ұйымдар мен нақты адамдар;

- Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітетін тізбеке сәйкес ауыл шаруашылық машиналарын жасау, ауылдағы құрылыш және аграрлық-сервистік қызмет көрсету кәсіпорындары.

2-бап. Аграрлық-өнеркәсіптік кешен салаларына мемлекеттік қаржы ресурстары есебінен кредит беру

1. Аграрлық-өнеркәсіптік кешен салаларына мемлекеттік қаржы ресурстары есебінен кредит беру қолданылып жүрген заңдармен реттеледі.

2. Шаруашылық жүргізуі субъектілерге күрделі қаржыны қаржыландыруға және ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру көлемінің арттырылуын, оларды ұқсату, сақтау мен өткізу және аграрлық-өнеркәсіптік кешенге аграрлық-сервистік қызмет көрсету жөніндегі базаның дамытылуын қамтамасыз ететін ұлттық бағдарламаларда көзделген шараларды орындауға қайтарымдылық және өтемділік шарттарымен мемлекеттік қаржы ресурстары есебінен ұзак мерзімді несиелер беріледі.

Кредиттер Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісі мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілейтін қайта қаржыландырудың ресми нарқы бойынша тиісті жылдың бюджеті бекітілген кезде 10 жылдан аспайтын мерзімге беріледі.

3. Мемлекеттік қаржы ресурстары есебінен женілдікті жағдайлармен мерзімді несиeler меншік түрлеріне қарамастан, аграрлық-өнеркәсіптік кешенің кәсіпорындары мен ұйымдарына, сондай-ақ өнеркәсіп орындарының сауда-дайындау ұйымдарына Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті мен Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісі белгілеген тәртіп бойынша беріледі.

4. Кепілге салатын мүлкі жоқ жаңадан құрылған шаруа шаруашылықтарына ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиттер жергілікті бюджеттер мен басқа да төлем қабілетті занды ұйымдар мен нақты адамдардың кепілдігімен беріледі.

5. Банкілердің женілдікті жағдайлармен кредиттер беруге байланысты шығынын өтеуге бөлінетін бюджет қаржысының сомасын Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ұсынуы бойынша жоспарланып отырған жылға арналған мемлекеттік бюджетте Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі бекітеді.

ЕСКЕРТУ. 2-бап өзгерілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 Заңымен.

3-бап. Мемлекеттік мұқтаждарға арналған өнім жеткізіліміне аванс беру

Мемлекеттік мұқтаждарға арналған ауыл шаруашылық өнімінің жеткізілімін орындау меншік түрлеріне қарамастан тауар өндірушілерге, дайындау және ұқсату кәсіпорындары мен ұйымдарына сатып алынатын өнім үшін сыйақысыз (мұддесіз) кемінде мынадай мөлшерде аванс беру арқылы ынталандырылады:

астық пен ет бойынша - контрактілеу шартымен белгіленген бағаның 40 проценті ;

басқа өнімдер бойынша - 25 проценті.

Дайындау ұйымдары мен ұқсатушы өнеркәсіп орындары ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алуға банк кредиттерін тартқан жағдайда сыйақы (мұдде) төлеу жөніндегі шығындар дайындау қызметі жөніндегі шығындарға жатқызылады.

ЕСКЕРТУ. 3-бап өзгерілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 Заңымен.

4-бап. Мемлекеттік шараларды қаржыландыру
1. Миналарға :

- 1) мемлекеттік жерге орналастыру жөніндегі шараларды жүргізуғе;
- 2) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбе бойынша есімдіктердің жаппай зиянкестері мен ауруларына қарсы куреске және малдың аса қауіпті жүқпалы ауруларын жоюға, табынды сауықтыруға;
- 3) тұқымдық және отырғызылатын материалдардың сорттық және егіс сапасын айқындауға ;

- 4) ауыл шаруашылық дақылдарын сорттап сынақтан өткізу;
- 5) балық запастарын (балық шабақтарын) молықтыруға;
- 6) мемлекеттік мал дәрігерлік желісіндегі, өсімдіктер карантині, өсімдіктерді қорғау жөніндегі, суармалы жердің мелиорациялық жай-күйін қадағалау жөніндегі мемлекеттік мекемелерді ұстауға;
- 7) мемлекетаралық, облысаралық және ауданааралық мақсаттағы су қоймалары мен каналдарды, тұтынушыларға су беруге байланысты емес басқа да обьектілерді пайдалануға;
- 8) ауылдық тауар өндірушілерді қолдауға жұмсалған шығындар мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылады.

2. Шараларды мемлекеттік валюта қаражаты есебінен қаржыландыру республикалық бюджетте жеке жолда көзделеді және Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілейтін тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

ЕСКЕРТУ. 4-баптың 1-тармағы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1998.12.24. N 334 Заңымен.

5-бап. Аграрлық-өнеркәсіптік кешенді дамытуға жұмсалатын экономиканы қайта құру қорының қаражаты

Қазақстан Республикасының экономикасын қайта құру қоры қаражатының аграрлық-өнеркәсіптік кешен бойынша жобалар мен бағдарламаларға инвестиция беруге жұмсалатын үлесі аграрлық-өнеркәсіптік кешеннің заңды ұйымдары мен нақты адамдарынан түсетін қаржы сомасының сомасынан кем емес мөлшерде белгіленеді.

6-бап. Шетелдік инвестициялар

Аграрлық-өнеркәсіптік кешен салаларын шетелдік инвестициялар есебінен қаржыландырудың тәртібі мен шарттары "Қазақ КСР-індегі шетелдік инвестициялар туралы" Заңмен және Қазақстан Республикасының басқа да заңдарымен белгіленеді.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*